

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 485. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2133. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 8 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 8 Қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногы қызметінің айқындылық дәрежесін және тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесі б е к і т і л с і н .

Ескерту: Атауында және 1-тармақта "тізілімді" деген сөз "тізілімдер жүйесі" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 54, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 111 бірлескен қаулысымен .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л с і н .

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан Тізілім ұстаушыларының қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, "Қазақстан Тізілім ұстаушыларының қауымдастығы" заңды

тұлғалар бірлестігінің мүшелері болып табылмайтын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

"Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 485 қаулысымен

бекітілген

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесі

Ескерту: Ереженің атауындағы және мәтініндегі "тізілімді", "тізілімде", "тізілімдерді" деген сөздер тиісінше "тізілімдер жүйелері", "тізілімдер жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 54, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 111 бірлескен қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылған ұғымдар мынаны білдіреді:

1) тіркеуші - бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) басшы - тіркеушінің алқалы атқарушы органының басшысы болып табылатын тұлға; немесе

тіркеушінің алқалы атқарушы органының функцияларын жеке дара орындайтын тұлға; немесе

тіркеушінің алқалы атқарушы органы басшысының орынбасары болып табылатын және тіркеушінің ішкі ережелеріне сәйкес бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жетекшілік жасау жүктелген тұлға;

3) уәкілетті орган - бағалы қағаздар рыногында реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен .

2-тарау. Есепті жасау және ұсыну тәртібі

2. Тіркеуші есепті уәкілетті органға тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.

3. Есеп беру уәкілетті органға қағаз және электронды тасымалдаушысында ұ с ы н ы л а д ы .

Электронды нысанда жасалған есеп ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографикалық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып, электрондық тасымалдағышта ұсынылады.

Қағаз тасымалдаушысында жасалған есепке басшы, бас бухгалтер қол қояды, мөрімен куәландырады және еркін түрде жасалған ілеспе хатпен жіберіледі.

Есептің барлық парақтары нөмірленеді, олардың жалпы саны есепті уәкілетті органға жіберген кезде іліспе хатында көрсетіледі.

Қағаз тасымалдаушысында ұсынылған есептегі мәліметтер электронды тасымалдаушысында ұсынылған есептегі мәліметтерге ұқсас болуы тиіс.

Қағаз тасымалдаушысындағы есеп екі данада жасалады, есептің бір данасы уәкілетті органға ұсынады, екінші данасы тіркеушіде қалады.

Түзету мен тазартуы бар қағаз тасымалдаушысындағы есеп тіркеушіге қ а й т а р ы п б е р і л е д і .

Есепке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге қажет болған жағдайда тіркеуші өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу себептерін түсіндіре отырып уәкілетті органға жазбаша өтініш ұсынады.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.05.28 N 164 , өзгерту енгізілді - 2007.06.25 N 173 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

4. Есеп осы Ережеге 1-4-қосымшасына сәйкес жасалған түрлері қосылған.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен .

3-тарау. Уәкілетті органның есепті қарау тәртібі

5 - 6 . < * >

Ескерту: 5-6-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен .

7. Есеп бойынша ескертулер бар болса, уәкілетті орган тіркеушіге олар жөнінде жазбаша хабарлайды және анықталған кемшіліктерді жою қажеттілігін

және/немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еместігін көрсетеді. Уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып түзетілген есеп ескертулердің бар екендігі туралы хабарламаны тіркеуші алған күннен бастап он күннен кешіктірілмей уәкілетті органға қайтадан ұсынылады.

8. Уәкілетті орган есепті қарау барысында есепте көрсетілген ақпаратты тексеру үшін тіркеушіден қажетті мәліметтер мен құжаттар сұратуға құқылы.

9. Есепті бермегені, есеп бойынша жасалған ескертулерді жоймағаны үшін немесе уәкілетті орган есепті қарау барысында нақты емес мәліметтер анықтаса, тіркеуші және оның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Бағалы қағаздар
ұстаушылардың тізілімін
жүргізу жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға лицензиялары
бар ұйымдардың есеп беру

ережесінің 1-қосымшасы

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен .

_____ бастап _____ дейінгі кезеңдегі
[тіркеушінің атауы] бағалы қағаздар ұстаушылардың
тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға
қатысатын қызметкерлері туралы мәліметтер

N	Қызметкердің аты-жөні	Атқаратын лауазымы	Біліктілік куәлігінің санаты	Біліктілік куәлігі берілген күн	Біліктілік куәлігінің нөмірі	Қызметкерді жұмысқа қабылдаған күн

Басшы [қолы] Аты жөні (болған кезде)
Бас бухгалтер [қолы] Аты жөні (болған кезде)
Орындаушы [қолы, телефон нөмірі] Аты жөні (болған кезде)
мөр орны

Бағалы қағаздар
ұстаушылардың тізілімін
жүргізу жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға лицензиялары
бар ұйымдардың есеп беру

ережесінің 2-қосымшасы

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен .

**_____ бастап _____ дейінгі кезеңдегі
[бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу
жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар
ұйымдардың атауы] бағалы қағаздармен мәмілелер
орындауға қатысатын қызметкерлері және филиалдары
туралы мәліметтер**

Ф и - лиал- дың атауы	Фили- алдың орна- лас- қан жері	Қыз- мет- кер- дің аты- жөні	Атқа- ратын лауа- зымы	Білік- тілік куәлі- гінің санаты	Білік- тілік куәлігі беріл- ген күн	Білік- тілік куәлі- гінің нөмірі	Қызмет- керді жұмысқа қабыл- даған күн

Басшы [қолы] Аты жөні (болған кезде)
Бас бухгалтер [қолы] Аты жөні (болған кезде)
Орындаушы [қолы, телефон нөмірі] Аты жөні (болған кезде)
мөр орны

**Бағалы қағаздар
ұстаушылардың тізілімін
жүргізу жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға лицензиялары
бар ұйымдардың есеп беру**

ережесінің 3-қосымшасы

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен .

**_____ бастап _____ дейінгі кезеңдегі
[бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу
жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар
ұйымдардың атауы] бағалы қағаздарды аудару бойынша
операциялар туралы есеп**

N	Опера- цияларды тіркеу күні ¹	Бұй- рық-	Бұй- рық- тың күні	Қарама- қарсы	Қарама- қарсы	Бағалы қағаздың ұлттық бірегей-

		тың нөмірі		бұйрықтың нөмірі	бұйрықтың күні	лендіру нөмірі ²
Жиынтық						

кестенің жалғасы

Эмитенттің атауы ³	Бағалы қағаздың саны (дана) ⁴	Бірі бағалы қағаздың бағасы (теңге) ⁵	Мәміле көлемі (теңге) ⁶	Сатушы ⁷	Сатып алушы ⁷	Орналас-тыру ⁸	Ескерту

Басшы [қолы] Аты жөні (болған кезде)
Бас бухгалтер [қолы] Аты жөні (болған кезде)
Орындаушы [қолы, телефон нөмірі] Аты жөні (болған кезде)
мөр орны

Ескертулер :

Осы есепте сатып алу-сату мәміле негізінде бағалы қағаздарды аудару бойынша операцияларды көрсету қажет.

¹ Күні/айы/жылы/ форматында тіркеу күні көрсетіледі.

² Бағалы қағаздың берілген бірегейлендіру нөмірі көрсетіледі.

³ Бағалы қағаздармен бірге мәміле жасасқан эмитенттің атауы көрсетіледі.

⁴ Мәміле жасалған бағалы қағаздардың саны (данамен) көрсетіледі.

⁵ Үтірден кейін төрт белгіге дейін мәміле бағасы (теңгеде) көрсетіледі.

Шетел валютасында мәміле жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәміле жасалған күніне белгілеген теңгеде ресми бағамы көрсетіледі. Басқа күнде мәміле жасалған мәміле бойынша есептесуді жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есептесуді жүзеге асырған күніне белгілеген теңгеде ресми бағамы көрсетіледі.

Ескерту: Қосымшаның 5-ескертуіне өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 415 қаулысымен .

⁶ Үтірден кейін екі белгіге дейін мәміле көлемі (теңгеде) көрсетіледі.

⁷ Мәміле жасалған есебінде және мүддесінде клиенттердің коды көрсетіледі.

Сатушылардың және бағалы қағаздарды сатып алушылардың коды:

--	--

N	Толық атауы	Бес таңбалы код
1.	Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы	Сауда-саттық ұйымдастырушысы берген бес таңбалы код
2.	Эмитент	ISS__
3.	Заңды тұлға	JUR__
4.	Жеке тұлға	FIZ__
5.	Инвестициялық қор	INVFD
6.	Орталық депозитарийі (номиналды ұстаушы ретінде)	CDS__
7.	Орталық депозитарийі (меншіктенуші ретінде)	CDS_O

8 Мынадай белгілер пайдаланылады:

"1" - бағалы қағаздардың бастапқы орналастыруы;
 "2" - бағалы қағаздардың қайталама айналысы.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру

ережесінің 4-қосымшасы

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 415 қаулысымен .

_____ бастап _____ дейінгі кезеңдегі [бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың атауы] бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметтің

қорытындысы туралы есеп

N	Бағалы қағаздар эмитентінің атауы	Бағалы қағаздың ұлттық бірегейлендіру нөмірі	Шарт жасасқан күн	Шарт бұзылған күн	Бағалы қағаздар ұстаушылардың жалпы саны
қоры-					

тын- ды					
------------	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

Бағалы қағаздарды шоттағы бағалы қағаздардың саны		ұстаушы саны		және жеке	
Бағалы қағаздарды және жеке шоттағы бағалы қағаздардың саны		Қазақстан Республикасының брокерлер-дилерлердің (банктер емес меншіктенушілер)		Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы қорлардың (меншіктенушілер)	
Орталық депозитарий					
Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы

кестенің жалғасы

Бағалы қағаздарды жеке шоттағы бағалы қағаздардың саны		ұстаушы саны		және	
Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлардың (меншіктенушілер)		Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктер (меншіктенушілер)		Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдардың (меншіктенушілер)	
Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы

кестенің жалғасы

Бағалы қағаздарды жеке шоттағы бағалы қағаздардың саны		ұстаушы саны		және	
Қазақстан Республикасының қаржы нарығының өзге лицензиаттардың (меншіктенушілер)		өзге заңды тұлғалардың			
		резиденттердің		резидент еместердің	
Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздар

					дарды ұстаушы

кестенің жалғасы

Бағалы қағаздарды жеке шоттағы бағалы қағаздардың саны				ұстаушы	саны	және	
Жеке тұлғалардың				эмитенттің		қорытынды	
резиденттердің		резидент еместердің		Жарияланған бағалы қағаздарды есептеу үшін (дана)	Сатып алынған бағалы қағаздарды есептеу үшін (дана)	Бағалы қағаздарды	Бағалы қағаздарды ұстаушы
Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздарды ұстаушы				

Басшы [қолы]

Аты жөні (болған кезде)

Бас бухгалтер [қолы]

Аты жөні (болған кезде)

Орындаушы [қолы, телефон нөмірі] Аты жөні (болған кезде)

мөр орны